

Шығ. №229 20.04.2026 ж.

Хериот-Уатт Ақтөбе кампусының жобалық
жетекшісіне, жоба көшбасшысының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына

Ақпараттық хат

Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті (әрі қарай – СДХЫД) академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, 2026-2027 оқу жылының I жартыжылдығына **Go Global** академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуға құжаттарды жинау басталғанын хабарлайды.

Өтінімдер келесі білім беру бағдарламалары бойынша қабылданады:

- Электроэнергетика – 2* және 3 курс* (Эдинбург және Малайзия кампустары)
- Мұнай-газ инженериясы және энергоменеджмент – 3 курс* (Малайзия кампусы)
- Компьютерлік инженерия – 3 курс* (Эдинбург және Малайзия кампустары)

**Білім алушы 2026-2027 оқу жылында жоғарыда көрсетілген курста білім алу керек.*

Университет қаражаты есебінен бара алатын үміткерлерге қойылатын жалпы талаптар:

- мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алуы
- оқу үлгерімі GPA 3.0-ден төмен болмауы (Хериот-Уатт бағалау жүйесі бойынша ең төменгі бағасы C қабылданады. Сонымен қатар, өткен оқу жылында қайта тапсыру (resit) болмауы қажет).
- оқу тәртібін және этикалық нормаларды бұрын соңды бұзбауы
- басқа білім беру ортасында оқуға психологиялық дайындық
- университеттің ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысуы
- академиялық қарызының болмауы

Оқуға өз қаражаты есебінен бара алатын білім алушылар жоғарыда көрсетілген үміткерлерге қойылатын талаптардың барлығына сәйкес келулері тиіс. Ерекшелік тек оқу үлгеріміне ғана беріледі (конкурсқа қатысу кезінде білім алушының оқу үлгерімі GPA-2.80 аз болмауы тиіс және ең төменгі бағасы D қабылданады. Сонымен қатар, өткен оқу жылында қайта тапсыру (resit) болмауы қажет).

Барлық үміткерлер 2 Қосымшада көрсетілген толық талаптарға сәйкес өтініштерін бере алады.

Студенттер құжаттарын **2026 жылдың 8 мамырына** дейін Хериот-Уатт кампусының жоба көшбасшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына тапсыруы тиіс.

Жоба көшбасшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жобалық жетекші атынан қызметтік хатты, хаттаманы және білім алушылардың тізімін (университет есебінен және өз қаражаты бойынша) электрондық және қағаз түрінде СДХЫД-қа **2026 жылдың 18 мамырына дейін (қоса алғанда)** тапсыруы қажет.

Конкурстың екінші кезеңі (СДХЫД тарапынан студенттердің құжаттар бойынша іріктеуі және сұхбат өткізу) туралы ақпарат тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына қосымша хабарланатын болады. Толық емес құжаттар пакеті автоматты түрде қарастырылмайды.

Ескерту: құжаттар білім алушылар арқылы қабылданбайды.

Сұрақтар бойынша байланыс: international@zhubanov.edu.kz

Білім алушылардың жинайтын қажетті құжаттар тізімі:

- Түйіндеме (еркін нысанда)
- Жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі
- Басқарма Төрағасы – Ректордың атына өтініш
- Ағымдағы үлгерімі туралы транскрипт (СҚКО-дан /Темірқазықтан берілген, Бас ғимарат 1 қабат)
- Мотивациялық хат: академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу себебі, мақсаты, күтілетін нәтижелері, болашақ жоспарлары және Комиссия мүшелеріне үміткер туралы қосымша ақпаратты қамтитын, 2 беттен аспайтын хат. Форматы: Times New Roman қарпі, 12 өлшем, жоларалық интервал – қосаралық (double space).
- Ұсыныс хат: білім алушыны жақсы білетін бағдарламалық жетекші немесе пән оқытушысы тарапынан берілетін, білім алушыны академиялық ұтқырлық бағдарламасына лайықтылығын сипаттайтын және Комиссия мүшелеріне кандидатты жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын 2 беттен аспайтын хат. Форматы: Times New Roman қарпі, 12 өлшем, жоларалық интервал – қосаралық (double space).
- Денсаулық жағдайы туралы декларация
- Халықаралық, Республикалық немесе таңдалған оқу бағыты бойынша шараларға қатысқаны туралы дипломдар, сертификаттар мен марапаттардың көшірмелері (*бар болған жағдайда*)
- Студенттің көп балалы отбасын растау үшін отбасы құрамы туралы құжаттың көшірмесі (*бар болған жағдайда*)
- Студенттің ата-анасының жоқтығын растайтын құжат көшірмесі (*жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер үшін, бар болған жағдайда*)
- Егер үміткер конкурсқа қатысуға құжаттарды тапсыру кезінде 18 жасқа толмаған жағдайда (*кәмелетке толмаған болып табылса*), білім алушылардың ата-анасынан немесе қамқоршысынан шетелге оқуға шығуға нотариалды куәландырылған рұқсат (қолхат)
- 3x4 фотосурет (6 дана)
- Файлдары бар папка (1 дана)

**Стратегиялық даму және халықаралық
ынтымақтастық департаментінің директоры**



А.Р. Аяғанова